



СОҒЫСТЫҢ СОҢҒЫ НҮКТЕСІН ҚОЙҒАН БАТЫР РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ 100 ЖАСТА

Рақымжан Қошқарбаев биыл 19 қазанда 100 жасқа толды. Ол 1924 жылы Ақмола облысы, Қырыққұдық ауылында дүниеге келген. Бірақ саналы ғұмыры Тайтөбе ауылында өтеді. Төрт жасында анасынан айырылған Рақымжанның жалғыз тірегі әкесін жандайшаптар 1937 жылы «халық жауы» деп түрмеге әкетеді. Әкесімен қоса әкесінің үш бауыры да «халық жауы» деген жаламен айдалған. Рақымжанның басына бала күнінен «Халық жауының баласы» деген жаманат таңба болып басылған. Сол «қаратаңба» оған Кеңес Одағының батыры деген атақты да беруге кедергі болған болса керек. Он жеті жасында соғысқа сұранып майданға аттанады. Алдымен Рақымжан Фрунзе (қазіргі Бішкек) қаласындағы әскери дайындық мектебінен өтеді. Бір қызығы әкесімен осы Фрунзе қаласында соғысқа аттанардың алдында қайта табысыпты.

Рақымжан Қошқарбаев Полышадағы соғысқа взвод командирі болып кіріседі. 1945 жылы 16 қазан күнгі шайқасқа түскен взвод командирі Рақымжан Қошқарбаевты 17 сәуірде 674-ші полктің командирі, подполковник Алексей Дмитриевич Плеходанов соғыста ерекше қайсарлығымен көзге түскені үшін оны бірінші дәрежелі Отан соғысы

орденімен марапаттауға лайық деп тауып, бар ерлігін баяндап, марапаттау туралы Үкіметке ұсыныс жазып жібереді. 1945 жылы 22 сәуір күнгі №035 бұйрықта: «Лейтенант Қошқарбаев Рақымжанды КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының атынан неміс басқыншыларына қарсы күрес майданындағы қолбасшылықтың жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындағаны үшін және сонымен бірге ерлік пен батылдық танытқаны үшін бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапаттаймыз» деп жазылған.

1945 жылы 17 сәуірде Рақымжан Қошқарбаев бастаған взвод Гросендорф ауданы Одер өзенінен ауыр шайқаспен өтіп, Фридландерштрот каналына шығады. Бұл жер майдан шебінің, полктың негізгі күшін бекітіп алуға өте қажет болатын. Полк зеңбіректерінің жойқын атқылауын пайдаланып, Р.Қошқарбаев бастаған взвод жауынгерлері жылдам шабуылға шығып, жау траншеясында бетпе-бет, қолма-қол, айқасқа түседі. 40 неміс солдатын тұтқындап, жаудың 3 ауыр пулеметін тартып алып, сол немістің пулеметтарымен алдағы жауға оқ жаудырады. Р.Қошқарбаевтың взводының жеткен жетістігін пайдаланып, тағы бірнеше шабуылдаушы топтар алғы шепке шығып алады.

1945 жылдың 29-шы сәуір күнгі шайқаста Р.Қошқарбаевтың взводы Ширее өзенінен жаудың жанкешті қорғанысына қарамай бұзып өтіп, 30-шы сәуір күні Рейхстагқа басып кіреді. «Король алаңы» деп аталатын ашық жердегі оқ пен оттың арасынан еңбектеп, әр жерді тасалап жүріп Григорий Булатов екеуі Рейхстагтың жоғарғы қабатына жетіп, ең алғаш болып жеңіс туын тігеді. Сөйтіп, соғыстың соңғы нүктесін қойған батырлар болып Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов тарих бетіне жазылды.

Одер өзенінен Рейхстагқа дейін болған соғыс күндерінде Р.Қошқарбаев бастаған взвод немістің 200 солдаты мен офицердің көзін жойып, 184-ін тұтқынға алған. Жауды қуып жүріп 14 зеңбірегін, үлкен калибрлі пулеметтерін және тағы басқа түрлі қаруларын тұтқындайды. Осы жанкешті ерлігі үшін 1945 жылы 6-шы мамырда 674-ші полктың командирі подполковник А.Д.Плеходанов Р.Қошқарбаевты ең жоғарғы «Совет Одағының Батыры» атағына лайықты деп марапаттауға ұсынған. Бірақ, өкінішке орай бұл атақ Рақымжан атамызға берілмей қалған.

Кеңес өкіметінің тұсында 1991 жылға дейін Рейхстагқа ту тіккендер Мелитон Кантария

мен Михаил Егоров деп тарихқа жазылып келді. Бұлар Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатовтан соң екінші рет ту тіккен жауынгерлер болатын. Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстагқа бірінші боп ту тіккенін Бауыржан Момышұлының тапсырмасымен танымдық мақала жазып қазақстандықтарға алғаш танытқан журналист Кәкімжан Қазыбаев екенін біреу білсе, біреу білмес.

Мұхтар Құл-Мұхаммед: «... Гитлерлік Германияның жүрегі саналатын Рейхстагқа атойлап кіріп, оның тура еңселігіне жеңіс туын қадаған жаужүрек қазақ жайлы, ол ерлік көрсеткен 1945 жылдың мамыр айынан бастап майдандық газеттер жабыла жазды. Азғана тиражбен шығып, әскери ортада ғана тарайтын бұл басылымдар жас офицердің туған жеріне жеткен жоқ. Жасынан томаға тұйықтау өскен жас батыр да өзі туралы көп ешкімге жақ аша қоймады. Сондықтан Рақымжанның тағдырын күрт өзгерткен 1958 жылғы Бауыржан Момышұлымен кездесуіне дейін оның ерлігі жайлы Қазақстанда көп ешкім білмейтін», - деп жазды.

Шыныменде, 1958 жылы 20 ақпанда «Лениншіл жас» газетіне шыққан Кәкімжан Қазыбаевтың «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» атты мақаласы - зиялы

қауымды ғана емес, қазақстандықтарды дүр сілкіндірген мақала болған. Осы мақала сол кездегі Қазақстанның орталық комитетіне де жеткен.

Қазақ КСР министрлер кеңесінің төрағасы Жұмабек Тәшенов Бауыржан Момышұлын Жоғарғы кеңестегі кабинетіне шақыртып Рақымжан Қошқарбаевтың арызын көрсетеді. Сол арызы жайлы әңгімелесіп: «Қазақ батырының Рейхстагқа бірінші боп ту тіккенін дәлелдейтін архивтік құжаттар керек. Соны Сіз табасыз. Сіз таппағанда, кім таппақ?», - деп тапсырма берген екен. Баукен: «Мен іздестірейін. Тапсам дұрыс, таппасам – ешқандай міндеттемені мойныма алғым келмейді», - деп өкіметтен сол материалдарды табу үшін бөлгізбек болған ақшадан бас тартады.

Бауыржан атамыз ұзақ ізденудің арқасында сол материалдарды тапқан. Сөйтіп, 1960 жылы 13 ақпанда Жұмабек Тәшеновке хат жолдап: «1958 жылдың қаңтарында сіз менімен лейтенант Рақымжан Қошқарбаевтың ерлігі туралы жеке әңгімелестіңіз. Біздің әңгімеміз менің ізденісіме себеп болды. Мен Рейхстагқа шабуыл жасау кезінде лейтенант Рақымжан Қошқарбаевтың жасаған ерлігінің дұрыстығын растайтын кейбір құжаттарды таба алдым», - деп жазады. Сөйтіп тапқан құжаттарының мазмұнын хатында түгел баяндап жазған. «150 атқыштар дивизиясының лейтенанты Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа бірінші болып кіріп, қызыл әскер Григорий Булатовпен бірге фашизм итаделасының үстінен ту көтергені - бұл даусыз факт», - деп қорытындылайды.

Бауыржан Момышұлы арада он жыл өткенде Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа да арнайы хат жазып Рақымжан Қошқарбаевқа «Кеңес Одағының Батыры» атағын беру керектігін дәлелдейтін отыз құжаттың тізімін жолдаған. Хатқа Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин, И.Шуков, А.Тәжібаевтар да қол қойғанын айта кетуіміз керек.

Алайда, Ресей үкіметі соғыстың соңғы нүктесін қойған батыр Рақымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағын беруден бас тартып, «тарихты қайта қозғағысы» келмей, шындықты, тарихи әділеттілікті бүркемеледі. Өкінішті!

1999 жылы 7 мамырда ҚР Президентінің Жарлығымен Рақымжан Қошқарбаевқа (қайтыс болғаннан кейін) – «Халық қарманы» атағы берілді.

Әлімбай АМАНБАЙҰЛЫ,
Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы «Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің» ғылыми қызметкері.

ЖАСТАР және КӘСІПОДАҚ

(Соңы. Басы 1 бетте).

Алғашқы болып сөз алған Төраға орынбасары Жанболат Орынбеков «Ұжымдық шарт – мекемедегі еңбек қатынастарын реттеу құралы» тақырыбында дәріс оқыды. Өз сөзінде модератор биыл қабылданған 2024-2026 жылдарға арналған әлеуметтік әріптестік туралы Ұжымдық шарт нормаларына, соның ішінде жас мамандарға қатысты әлеуметтік пакеттерге ерекше тоқталды.

Мұнан кейін облыстық психологиялық қолдау орталығының директоры Ришат Райф «Мен кімін - Сен кімсің?» деп аталатын психологиялық тренинг өткізді. Тәжірибелі психолог мысалдар келтіре отырып білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті үйлестіруден бастап жас мамандарға кәсіби құзыреттілікті арттыру, дағдарыстық жағдай-

ларға, шағымдарға жауап беру, өзінді қиын сәттерден алып шығу жолдарына дейін айтты.

Ал Жергілікті кәсіподақ төрағасы Ерұлан Мағымбеков жас мамандарға кәсіподақ ұйымдарының негізгі мақсат-міндеттері және құрылымы туралы түсіндіріп, кәсіподақ мүшелігінде болудың артықшылықтары мен тиімділігі туралы айтты.

- Жәй кәсіподақ мүшесі болу аз. Кәсіподақ мүшесі қоғамға, ұжымына пайдалы болуы тиіс. Осындай семинарлар арқылы біз сіздердің әріптестеріңіз, замандастарыңыздың бойында кәсіподақтық сананы қалыптастыруға аса мән береміз. Ең әуелі жастардың бойында рухани-адамгершілік, отансүйгіштік сезім, кейін интеллектуалдық, құқықтық білім болғаны абзал, - деді Ерұлан Сәбенұлы өз сөзінде.



Семинар барысында «Еңбекші» газетінің бас редакторы Бейбіт Бекназаров кәсіподақ ұйымдарындағы ақпараттық жұмыстың маңыздылығына тоқталып, кәсіподақтық ақпараттық ресурстар мен оларды тиімді пайдалану туралы түсіндірді. Семинар еңбек және салалық заңнаманы қолдандың бірқатар сұрақтарына арналған сұрақ-жауап сағатымен аяқталды.

«Еңбекші»-жастар.



E-mail: enbek_gazet@mail.ru

Еңбекші

Біздің күшіміз бірлікте!

Газет 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№23 (197)

Республикалық салалық кәсіподақ газеті

8 желтоқсан 2023 жыл

АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Жамбыл облысы оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағының кезекті Атқару комитетінің отырысы өтті. Алақам жыныға Атқару комитетінің мүшелерінен бөлек аудандық және қалалық филиал жетекшілері, кәсіподақтық инспекция заңгерлері мен есепші-мамандар, құрылымдық бөлім жетекшілері қатысты. Жыныда күн тәртібіне сәйкес кәсіподақ филиалдарының қаржы-шаруашылық қызметін ұйымдастыру, алақам басқару органдарының жұмысын ұйымдастыру, ақпараттық жұмыс пен кәсіподақ активін оқытуды ұйымдастыру сынды мәселелер қаралды.

Ең алдымен М.Х.Дулати атындағы Тараз Әл-Фараби Университетінің Тараз қалалық және Мойынқұм аудандық филиалдарындағы кәсіподақ жұмыстарының жыныдағы міндеттерін ескіріп жүргізу мен Бақылау-төлеу комитеттерінің жұмысын қаралды. Сонымен бірге, Жергілікті кәсіподақтың Шу және Мойынқұм, Бірлескен комитеті, Жамбыл және Байзақ аудандық филиалдарының мүшелік ұйымдарда көгалды бақылау жүргізу және адам басқару органдары жұмысын ұйымдастыру жөндөмі мен кәсіподақтық өкіл пін бастауын ұйымдардың қ қажаттарын жүргізу жұмысын қаралды.

Атқару комитеті бұдан былай Жергілікті кәсіподақтың Бірлескен комитеті, Сарысу және Тағас аудандық комитеттерінің ақпараттық жұмыс пен кәсіподақ активін оқы-

туды ұйымдастыру жұмысының жағдайын туралы және Мерзі, Т.Рисқұлов аудандық ұйымдарындағы жас жетекшілердің кәсіподақ мүшелігін міндеттандіру мен басқарудың арттыру жұмысының жағдайын туралы мәселелі қаралды.

Алақам жыныда жетістік сұрақ ретінде алуыменгі әріптестік туралы 2024-2026 жылдарға арналған облыстық салалық Келісім, Ұжымдық шарттар жобаларын жасау бәрәсі туралы сұрақ қаралды, бірақтар мәселелер талқыланды. Соңдай-ақ, Қазақстан Республикасының Тұрғындар құны орай қала күресінен педагогтар арасында «Кәсіподақ барымы - 2023» облыстық турнирін ұйымдастыру мен оқыту шаралары талқыланды, 2024 жылға арналған сауықтату жұмыстары талқыланды.

«Еңбекші» - ақпарат.

СҮЙІНІШ!



ЖАМБЫЛДЫҚ ҰСТАЗДАР «ҰЗДІК ПЕДАГОГ» АТАНДЫ

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің ұйымдастыруымен өткізілген «Ұздік педагог - 2023» республикалық байқауы өз мәресіне жетті. Ұздік ұстаздарды Оқу-ағарту министрі Тани Бейсембаев «Ұздік педагог» атағымен құттықтап, өз ісіне адалдығы мен білім саласын дамытуға қосқан үлесі үшін алғыс білдірді. Жеңімпаздарға «Ұздік педагог» куәлігі, «Ұздік педагог» төсбелгісі және 3 450 000 теңге (1000 АЕК) көлемінде ақшалай сыйақы табыстылады.

Елші «Ұздік педагог» байқауына қатысу үшін 961 өтініш берілген. Көптеген қорытындысы бойынша 64 педагог өз жемісін бағыныша үздік атанды. 2023 жылдың үздік педагогтары:

Отақбаев Рузан Маратұлы - Тараз қаласы Жамбыл атындағы №5 мектептің география пәнінің мұғалімі;

Нұралық Айгүл Ерболқызы - Тараз қаласы Жамбыл атындағы №5 мектептің математика пәнінің мұғалімі;

Қаладзбекқызы Айшат - Жуан ауданы Көкөтебе орта мектебінің биология пәнінің мұғалімі;

Түтібекова Айгүл Андыбекқызы - Т.Рисқұлов ауданының Абай атындағы жалпы ортамықты орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;

Сарыбаев Мақсат Махамұлы - облыстық «Дарын» ақпарат-интерактивтің информатика пәнінің мұғалімі;

Жүзбаев Нарман Күмісбекович - Қырату құрылыс-техникалық кәсіпорнының арнайы пәнді оқытушысы.

Ұлақтар қатарынан табымаң облысымыздың атағын асқатқан ұстаздарымызды жетістіктерімен шын жүректен құттықтаймыз!

БАТЫРДЫҢ ІЗІМЕН КУБАҒА НЕГЕ БАРМАСҚА?

Бұны Кеңес Одағының Батыры, полковник, Әскери жауын Бауыржан Момышұлының Атқару Комитетінің бастық аралы - Кубаға барған сәтіндегі 60 жыл тоқпанды.

Осы орайда, М.Х.Дулати атындағы Тараз өнеркәсіп университетінің «Бауыржанға» ғылыми-зерттеу орталығына Әскери қағармашылық оқытушысы, шайыр Оңайбаев Құрманбек «Әдебиет» бастағы бір топ студенттер, анықтарға айтысқ болармыз, екі коммандир сұрақтарға орталықтан аға ғылыми қызметкерімен «Бауыржан Момышұлының Кубаға сәтіндегі» тақырыбындағы лекциясын тыңдауға келді. Анықтан соңғыда орталықтан дайындалған фотоальбомдағы Бауыр-

жан Момышұлының Куба революциялық Қарулы Күштерінің министрі Рузан Келтірі және тегі басқа жұмыстарымен тұра сәтте тұрған фотожурналмен таныстырылды. Студенттер арасы барысында Бауыржан Момышұлының «Куба жерлері» атты кітабының: «Әскери қызмет дегеніміз - елдің әрбір азаматы үшін қасиетті және құрметте берілу...» деген қиматты сөзін тыңдап, өздеріне қажет міндетін шығарыптар аламы.

Майор Құрманбек «Әдебиет» Бауыржан атамыздың кітабын бірнеше рет оқып шыққандықтан, сабақтарында мысалдар келтіріп отыратынын және кітаптан «Америкалық бостандық өлкесі Кубаға қанша келе-

сіміз!» деген сұрақпен иеліп тыңдап алып, барымалы танығандары. Біздің ойымызда жүрген Бауыржан жүрген ішпен Кубаға бару, ондай қажаттарды орталыққа жасау туралы мәселе көтеру керек деген өз ойын айтты. Адріс онымен студенттер ортамық жұмысын танып, рухымыздарын білдірді.

Әзімбай НАЙЗАБАЕВ,
М.Х.Дулати атындағы Тараз
«Бауыржанға» ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері,
педагогика ғылымдарының магистрі.

- 2024 жыл халық үшін жайлы, тыныш, жұмсақ, берекелі әрі астығы бітік шыққан, шаруаға қолайлы шөбі мол жыл болғанын айта кетуіміз керек.
- Осы жылы 9 мамыр күні отбасымыз Аяла атты екінші немеремізбен көбейіп, қуанышқа бөлендік.
- Бұл жылды шығармашылық өмірімдегі ең бір ерекше есте қалатын жылдардың бірі деп айтсам да болады. 25 қазан Республика күніне орай Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғарғы білім министрлігі тарапынан «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталдым.
- Қараша айында Нөкіс қаласында Қарақалпақ классик әдебиетінің көрнекті өкілі, ойшыл Әжінияз Қосыбайұлының 200 жылдығына арналған халықаралық (Қазақстан, Қырғызстан, Түркменстан, Әзербайжан, Түркия мемлекетінің ғалымдары келген) ғылыми-теориялық конференцияға қатысып, пленарлық мәжілісінде «Абай мен Әжінияздың шығармашылық өмірбаянындағы ортақ тарихи мәселелер» атты тақырыпта баяндама жасадым. Мақала Әзбекстан Республикасы Ғылымдар Академиясы Қарақалпақстан бөлімінің хабаршысында жарық көрді. Конференциядан соң Қарақалпақстан Республикасының Қоңырат ауданы №5, №24, №43, №53 орта мектептің оқушыларымен кездесіп, үгіт-насихат жұмыстарын жүргіздім. Иссапар соңында Нөкіс қаласындағы Бердақ атындағы Нөкіс мемлекеттік университеті, Әжінияз атындағы Нөкіс мемлекеттік педогогикалық институты және Әзбекстан Республикасы Ғылымдар академиясы Қарақалпақстан бөлімі Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар ғылыми зерттеу институтымен ынтымақтастық және бірлескен ғылыми-зерттеу әрекеттері туралы меморандумға отырып, халықаралық байланысты нығайттық. Қарақалпақстан Республикасы телеарнасының «Тіл байлығы - ел байлығы» көрсетілімінде сұхбат бердім.
- Қарақалпақ халқының классик ақыны Әжінияз Қосыбайұлының туғанына 200 жыл толуына орай «Әму жағасы» қарақалпақ этно-мәдени орталығының төсбелгімен марапатталдым.